



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

7. Нуртазина Р.А. Глобальные тенденции и модернизация послевузовского профессионального образования Казахстана / Р.А. Нуртазина// Право: теория и практика. - М.: Тезарус, 2004, № 3. - С. 62-75
 8. Аналитический обзор «Сравнительная модель трансформации приоритетов в образовательной политике стран СНГ и ближнего зарубежья» // Центр проблем развития образования белорусского государственного университета. - № 10. – Минск. - (октябрь – декабрь 2004 г.). – С.6
- Традиции и тенденции развития зарубежного высшего образования и перспективы взаимодействия с российской высшей школой: монография / Ю.С. Перфильев, А.П. Суржиков, В.Т. Федин, С.М. Зильберман, А.В. Макаров, Н.М. Эдвардс

ТҮРКІЛЕРДІҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСЫ

Қуандықов Серғазы Шамшидинұлы

kuandikov.sergazy@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ- нің тарих және археология факультетінің тарих мамандығының 3 – курс студенті

Ғылыми жетекшісі Мұсабалина Г.Т., т.ғ.д.

Кез – келген халық өзінің ұлттық тарихын тереңінен зерттеп – зерделеуге ұмтылыс жасайды. Патшалық,кейін Кеңестік дәуір тарихшылары түркі халқының бай тарихи мұраларын зерттеуде сыңаржақты пікір қалыптастырды.

Мемлекетіміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін бұрмаланып тарих бетінде ақтандаққа ұрынған жәйттерді қайта қолға алды. Сондықтан мен қарастырғалы отырған көне түркілердің көршілес орналасқан мемлекеттермен жүргізген саяси, экономикалық, мәдени байланыстарындағы бай тарихи мұраларды бітіру жұмысының тақырыбына арқау етіп отырмын. Бұл мәселе бүкіл түркі халықтарын ойландыратын үлкен өзекті мәселе екенін айтқым келеді.

VI ғасырдың ортасында пайда болған түрік қағандығы әлемдік саясатқа белсене араласты. Сасанидтік Иран мен Византия және Қытай елшілерін қабылдай отырып, қаған мемлекеттің және жеке өзінің беделін түсірмес үшін дипломатиялық салтанаттар мен демеді. Елге келген елшіге және оны күтіп алған елшіге, елшіні жіберген басшыға қаған барынша жауапты қарап мәселенің анық – қанығына, үңілуне көңіл бөлген. Елшіні қабылдау жоралғысы келесідей бөлімдерден тұрды: қабылдау, кездесу, дипломатиялық жолдаулады алмасу және сыйлықтарды табыстау, елшілік қызметін болғансоң елшіні еліне жөнелтіу.

Елшіні күтіп алуға үлкен көңіл бөлінген. Ұзақ жылдық дипломатиялық қарым – қатынастың қортындысы шыққан XI ғасырлық «Сиат - намеде» ғылыми шығармасында жоралғыларға қатысты қателік жіберілмеуі керектігі жазылған. Елшілерді мемлекеттің шекарасынан күтіп алып, қағанның сарайына дейін шығарып салу міндетті болды. Егер бұл жағдай сақталмаса ол мемлекеттің ішінде алауыздықтың бар екендігін білдірді. Осындай жағдайдың бірі Батыс түрік қағаны Бахрам Чурбинді күтіп алуы болды. Бахрам Чурбиннің саяси пана іздеп келе жатқанын білген қаған өзінің тархандарына қарсы алуға бұйрық беруі. Византия елшісінің түрік жеріне келіп аяқ басуында,оны қарсалып алды. Осы жерде гректер және олардың заттары көшпелілердің тазалау жоралғысына кезікті. Қаған арнайы бақытсыздықты кетіретін адамды жіберген. Бақсылар дауылпаздарды ұрып, айқайлап, ыстық шыбықтармен заттарды ұрғылаған. Бұл жоралғы ұзаққа созылған. Ең соңынан елшінің өзін оттан өткізген. Осы айтылған жоралғылардың бәрі орындалғанан кейін барып, қағанға елшілер жіберілген.

Ал енді түрік қағанатының Қытай, Иран мен Византия арасындағы саяси байланысқа тоқталсам. 460 жылы түріктерді Жуаньдар(аварлар) бағындыратын қазіргі Түркістанға қоныс

аударарды. Түріктер Шығыс Түркістанда болған жылдары өзінің құрамына жаңа этникалық топты қосып алып, жергілікті тұрғындармен араласып кетті. III ғасыр 460 жылға дейін түріктер қоныстанған аумақта түріктердің тілі мен мәдениетіне ықпал еткен иран және тохар тұрғындары басым болды. Тап осы жерде түрік-соғды байланыстары басталды, ол ежелгі түрік мемлекеттігі мен мәдениетінің барлық саласына зор ықпал етті.

VI ғасырдың екінші жартысында «түркі» тілдері бірінші рет жазбаларға түсіріліп, кеңінен таралады. Соғдылар оны түрік десе, олардың көптік жалғауы арқылы-тургут, «түріктер» болды. Соғдылардың нұсқасын қытайлар алды, сөйтіп түркілер мен қытай арасындағы елшілік және жазба қарым-қатнастар алғашында соғдылар мен соғды жазбасы арқылы жүзеге асырылды. «Түрік» терминнің кейін византиялықтар, арабтар, сириялықтар қабылдап, санспритке, әртүрлі иран тілдеріне, тіпті тибет тіліне еніп кетті.

Түрік деп аталған тілде сөйлейтін мейлінше ірі тайпалар бірлестігі оғыз тайпасының одағы еді, ал қытай жазбаларында теле деген атаумен белгілі. Түріктерге тілі ұқсайтын жергілікті тұрғындар, сондай-ақ Қазақстанның солтүстік-батыс сақтардың, үйсіндердің, қалылардың, фин-угор тайпаларының ұрпақтары және аварлар түрік қағанатының құрамына енді, ал еңбегендері батысқа қарай қашты. Павольже, Солтүстік Павольждағы көптеген ғұн тайпаларын өз ордасының қатарына қосып алған аварлар 558-568 жылдары Византияның шекарасына басып кіріп, Дунай алқабы өңірінің мемлекетін құрып, Орталық Еуропаның елдерін талай мәрте қаңыратып кетті. Ал орталық Еуропаға кеткен фин-угор тайпалары кейіннен венгер халқының қалыптасуына ықпал етті. [45]

545 жылы құрылған түрік қағандығы алғашқы жылдарынан бастап – ақ Қытай мемлекетімен тығыз саяси қарым-қатынас орнатты. 545 жылы Солтүстік Қытайда Шығыс Вэй империясымен Шығыс Вэй империясы соғысты. Батыс Вэй императоры қарсыласына қарсы соғыста одақ іздеп, түркілер мемлекетіне елші жібереді. Түркілер қағаны Бумын Батыс Вэй астанасы Чаньанға көп сыйлықпен елшілер жіберіп, одақ құруды қабылдады.

Бумын қаған түрік елінің ата жауы болып келген аварлар (жужандар немесе жуань-жуань) қағаны Анағұйдың қызына үйленбекші болып, ханға сөз салу арқылы аварлармен арада жанжал тудырады. Анағұй келісім бермеді. Өзіне тәуелді түркілер қағанының бұл қылығына қаһарланды. Бұл жағдай Бумынның Батыс Вэй мемлекетімен жасаған одағын жандандырып, аварларға қарсы көмек сұрауға итермеледі. Нәтижесінде, 551 жылы Бумын Анағұйға тосыннан шабуыл жасап, толығымен жеңді. Бумын Елхан лауазымын алады [1].

VI ғасырдың екінші жартысынан бастап, түркі мемлекеті территориясы шығысында Кәріс түбегінен, батысында Каспий теңізіне дейін, оңтүстігінде Алашань, Гоби шөлдерінен, солтүстігінде Байкал теңізіне дейін созылды.

Түрік сөзінің деректерде жиі кездесуі, көрші өркениеттер жүйесіндегі түркілер елінің басым салмағын көрсетеді. Вэй-Чжоу мемлекеті де өз қарсыластарымен соғыста Түрік қағанатына үлкен мән беріп, үміт артты.

Батыс Вэй мемлекетінде 557 жылы Вэй әулетінің соңғы императоры тақтан тайып, орнына басқа әулеттің келуімен, мемлекет Вэй-Чжоу деп аталған еді. Вэй-Чжоу мемлекеті де шығыстағы Бэй-Ци мемлекетін құлатуды көздеді. Осы жолда екі император да Мұқан қағанға ханшаларын айттыруға елшілер жіберді. Мұқан қаған Вэй-Чжоу мемлекетімен одақ құруды қалайды. Осы жолда екі император да Мұқан қағанға ханшаларын айттыруға елшілер жіберді. Мұқан қаған Вэй-Чжоу мемлекетімен одақ құруды қалады.

Және келесі жылдары да бұл одаққа адалдығын сақтады. Ал Вэй империясы да өз тарапынан одақ тәртіптерін орындап отырды. Атап айтқанда олар түріктер еліне жыл сайын 100 мың тең жібек мата беріп тұрды [10,75].

572 жылы Мұқан қаған қайтыс болды. Оның інісі, әрі мұрагері Тобохан Чжоу империясымен қатынасын үзбеді. Сонымен бірге Ци империясымен де бітім жасады. Тобой ханның "тек оңтүстегі екі бала (Чжоу мен Ци) бізге бағынышты болып тұрса болғаны, онда кедейліктен қорықпаймыз", - деген сөзі тарихта сақталған. Көп мөлшерде Чжоу және Ци мемлекеттері өз тәуелсіздіктерін сақтап қалу үшін Түрік қағанатына көп мөлшерде алым-салық төлеп тұрған түркілер мемлекетінің басым күшін мойындағанын байқаймыз.

576 батыс Чжоу мемлекеті шығыс Цилер мемлекетін қирата жеңеді. Ечен қаласында қоршауда қалған Ци императоры 577 жылы тағын Тао Юань-Узунь деген князьге беруге мәжбүр болады. Түрік ханы Вэй-Чжоу тым күшейіп кете ме деген қауіппен жеңілген әулет жағына шығады. 578 жылы Тобохан Қытайға баса көктеп кіріп, Чжоу әскерінің күл талқанын шығарады. Алайда Вэй-Чжоу басшысы көлгөсір сыйлықтар жіберіп, Тобоханды өз жағына шығарады. Нәтижесінде Тобохан түркілер еліне қашып келген Ци әулетінің соңғы өкілі Гао-Шаоны Чжоу мемлекетіне қайтарады. 581-588 жылдары Суй әулетінің негізін қалаушы жауынгер-генерал Ян Цзянь Чжоу әулетін құлатқаннан кейін, бытырап кеткен қытайды өз билігінің астына бағындырады. 581-618 жылдары Суй әулетінің жүргізген реформалары империяның экономикалық әскери өрісінің күшеюіне әкелді[2].

Отырықшы тайпалар байлығына ие болу үшін түріктер Орта Азияға қарай ұмтылады. Бұл арада олар қарауындағы жерлері Каспий теңізінен Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан эфталиттермен кездеседі. 561-563 жылдары түріктер Иранмен эфталиттерге қарсы одақ құрады. 564 жылы иранның тағы Хосроу Акумирвон, эфталиттерден аса маңызды стратегиялық Тохорстан облысын тартып алады. 587 жылы Бұхара түбінде түріктер эфталиттерден негізгі күшінің күл- талқанын шығарады. Иран мен Батыс түрік қағанатының саяси ықпал жасау аймақтарының шекарасы Амудария болады. [46] Түріктер мен олардың билігінде болған соғдылар Византиямен тікелей сауда байланысын орнатуға ынтызар еді. Иран бұған кедергі жасайды. 568 жылы соғды көпесі Мониак түрік қағанының елшілігін Константинопольге бастап барады, онда екі ел арасында сауда келісімі және Иранға қарсы әскери шарт жасады. Парсылар империя мен қағанаттың өзара одақ құруына мейлінше қарсы болады. Иран түріктерге жыл сайын 46 мың алтын теңге салық төлеп тұрады, және олардың сауда –саттығына кедергі жасауды міндетіне алады. Осыдан кейін түрік әскері Амударияның арғы бетіне жетіледі. Бұл жәйт византия- түрік одағына әсер етеді. 571 жылы Истеми Терістік Кавказды алып, Баспарға шығады. Оның ұлы Түрік санф Кернтті басып алып, Қырым жеріне енеді, бірақ көп ұзамай Нарты аралдан кетіп қалады. Өзара қырқыс пен әлеуметтік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Күшейіп алған Иран 588 жылы Герат түбінде түріктерді жеңіп шығады. Византия 590 жылы Боспорды қайтадан жаулап алады. [47]

Түрік қағанатындағы өзара қырқыс кезеңі (582-593) 603 жылы Батыс түрік қағанатының бөлініп шығуымен аяқталады, Шығыс Түркістанның қоғамды аймақтарынан бастап Амударияға, Еділ өңірі мен Терістік Кавказ далаларына дейін созылып жатқан байтақ жер осынау Қағанат қарауына көшеді.

VI ғ. аяқ кезінде Түрік қағанатының шекарасы батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен, тіпті Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен тұйықталған десек, осы бір елдер тарихының қысыл-таяң жәйттері, біз сөз етіп отырған кезеңде түрік мемлекетінің тағдырымен байланысты болғаны өзінен-өзі түсінікті. Түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезеңі болды, өйткені сол кезге дейін орта теңіз мәдениеті мен қиыр шығыс мәдениеті, бір-бірінің дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді.

Қазіргі уақытта көне түрүктердің көркем өнері жөнінде көп жаңалықтар айтылуда. Түріктердің қоғамдық тірлігі мен әлеуметтік институттарының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел, еншілік – таспиктық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы таң қалдырады.

Қорыта келгенде айтарым, Еуразия даласында бүгіндегі тәрізді саяхат жасау сауда қылу, дипломатиялық сапарлар адамдардың алыс қиырларға қоныс аударылуы сонау көне дәуірлерде жиі болып тұрғаны барған сайын айқындала түсуде. Ертедегі дәуірде, әсіресе орта ғасырларда қоғам дамуында қозғалыс күшті болған, адамдар мәдени байланыстар мен алыс-беріс жасауға ұмытылған. Солардың бірі-«Ұлы Жібек жолы» болып табылады. Осынау Ұлы Далада өшпес іздерін қалдырып, аттарын Қытайдан Европаға дейін паш етіп түркілер терең тарих қойнауына кетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. т. I-III. М., 1950.
2. Қазақстан тарихы – Алматы, т. I.- 1996., 505 - бет.
3. Гумилев Л.Н. Византия түпкі материалдарының негізінде Бірінші түрік қағанатындағы ұлы жанжал.- Византийлік шежіре, 20 том, 1961. 97-бет.
4. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы 1994.
5. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. -М., 1964. - С.185
6. Гумилев Л.Н. Хунну.- М., 1960.-С.197
7. Банзаров Д. Черная вера или шаманство у монголов. – Спб., 1891, С

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ, СӘЙКЕСТІК ҚЫЗМЕТІН АТҚАРА АЛМАУЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ФОРМАСЫНАН АЙЫРЫЛУЫ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тарих факультеті «Археология және этнология» кафедрасының магистранттары: А.О.Кумисова, Г.У. Эшбекова

Бүгінгі таңда қазақ тілінің өзгеріске ұшырауы, қазақ ұлтының ішінара сәйкестік мәселесін туғызып отыр. Бір ұлт өкілдері бір-бірімен сәкестену процесіне ұшырады. Бір қазақ, үш қазақтың біреуімен міндетті түрде орыс тілінде сөйлесу дәрежесіне жетті. Таза қазақ тілінде сөйлеп тұрмын деген адамның сөздік қорында, орыс тілді кірме сөздер қолданылады. Әрине бұл кеңестік саясаттың ықпалы. Ұлт мәселесінің білгірі саналған Сталин XX ғасырдың 20-жылдардың аяғына қарай шексіз билікті қолына алған соң аз халықтарыдың тілін де, өзін де жойып жіберетін қатыгездіктерге жол берді. Қиыр Шығыстағы кәрістердің, Волга бойындағы немістердің, Солтүстік Кавказ халықтарының, азды-көпті түрік-месхеттердің, поляктардың, гректердің зорлықпен Қазақстанға депортациялануы сталиндік жүгенсіздіктің нәтижесі. Бұған кейін де Хрущевтің тың игеру науқаны тұсындағы көші-қон үрдісі қосылды. Сталин тұсындағы социалистік модернизациялау қазақ даласын экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени жаңа келбетке әкелумен қатар осылардың әр-қайсында орыс тілінің үстемдігін орнатуға жеткізді. Бұл объективті мазмұндағы орыстандыру саясаты еді [1; 106б.].

РСФСР құрамында ҚазКСР-і құрылғаннан кейін мемлекеттік органдар қазақ тіліне қатысты бір қатар нақты құжаттар қабылдады. Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізілген тіл саясаты көп жағдайда бұрынғы патша үкіметі ұстанған ұлт саясатының заңды жалғасы іспетті әрі оның қағидаларына сәйкес келді. Халық ағарту комиссариатының аз ұлттар мектептері туралы 1918 жылғы қазанның 31-індегі қаулысы, РКП(б)-ның VIII съезінің ана тілінде оқыту арқылы біртұтас еңбек мектебін құру туралы оңды бастамалары, РКП(б) X съезінің (1921 жыл) елдің барлық халықтары үшін ана тілін сот, әкімшілік, шаруашылық, мәдениет және т.б. салаларға енгізу міндетін артқан ұлттық саясат туралы резолюциясы өз мағынасында толық жүзеге аспай, қағаз жүзінде қалды. Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары болған И.В. Сталин 1921 жылғы мамыр айында айтқан: «Бір ғана ұлттық тепе-теңдікпен» шектелмей, «ұлттық тепе-теңдіктен» «ұлттардың нақты теңелу шараларына көшу керек» тұжырымынан кейінде айнып шыға келді де, кеңес мемлекетіндегі бір-ақ тілдің – орыс тілінің әлеуметтік, саяси және шаруашылық салаларында кеңінен қанат жаюына ықпал етті. Қазақстанда қазақ тілі еркін де дербес дамуы құқығынан айрылды. Республика халқы – мейлі қазақ, украин, өзбек, ұйғыр және т.б. әлем мәдениетінің барлық биіктерін орыс тілі арқылы меңгеруге тиіс болды [1; 110б.].

Қазақстанда 1938 жылы 5 сәуірде Қазақ КСР ОАК және ХКК «Қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы шығады. Бұл қаулы тіл саясатындағы жаңа